

#22-23

(997-998)

30 ТАМЫЗ

2024 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

# АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ



«АТА ЗАҢ –  
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ  
МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ ӘРІ  
ЕЛІМІЗДІҢ САЯСИ ЖӘНЕ  
ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫН,  
АЙНЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ  
МЕН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ-  
БАҒДАРЫН АЙҚЫНДАЙТЫН  
БАСТЫ ҚҰЖАТЫМЫЗ»

Қ. ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

✓ BRENT \$77.77

✓ USD 481 T

✓ EUR 535 T

✓ RUB 5.15 T

**«МЕМЛЕКЕТ ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА ЖЕТКІЛІКТІ МӨЛШЕРДЕ ҚАРЖЫ БӨЛЕДІ. СОНДЫҚТАН ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДА КЕЙБІР СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН ЖҮЛДЕ КҮТУІ – ЗАҢДЫЛЫҚ. САЛАЛЫҚ ВЕДОМСТВО СПОРТТЫҢ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ДАМУЫ ІСІНДЕ КЕТКЕН ЖҮЙЕЛІ ҚАТЕЛІКТЕРДІ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ТАЛДАУЫ ТИІС. КЕШЕНДІ РЕФОРМА ЖАСАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ. АЛ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚҰЗЫРЕТТІ МИНИСТРЛІК, ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДА КОМИТЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯЛАРЫ ҮЙЛЕСІМДІ ӘРЕКЕТ ЕТУІ КЕРЕК».**

**П**резидент Қасым-Жомарт Тоқаев XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде осылай деді.

Мемлекет басшысы спортшылар мен бапкерлерді Париж Олимпиадасындағы жетістігімен құттықтап, әрбір жеңіс зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі екеніне назар аударды. Олимпиада чемпионы Елдос Сметовтің жеңісіне ерекше тоқталды. Сондай-ақ төртжылдықтың додасынан жүлдемен оралған өзге спортшыларға, бапкерлер мен атлеттерді дайындауға үлес қосқан жандарға алғыс айтты.

Президент өз сөзінде бұқаралық, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет екенін айтты. Барлық облыс орталығында және аудандарда футбол, бокс, күрес, баскетбол, волейбол, садақ ату, үстел теннисі, шахмат және тағы да басқа танымал спорт түрлерінің секциясы болуға тиіс. Бұл – әкімдердің міндеті. Ал Үкімет спорт нысандарының жұмыс тиімділігіне сараптама жүргізіп, осы мәселе бойынша тиісті шаралар қабылдауы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев спорт резервін әзірлеу ісінде Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері негізгі рөл атқаратынына назар аударып, олардың жұмысын жүйелеу жөнінде мәселе қозғады.

«Елімізде 500-ден астам Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі бар. Бірақ олардың қызметінде түйткілді мәселелер аз емес. Осындай мектептердің бағдарламасына кірген 162 спорт

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МЕДАЛЬ ЕМЕС



түрінің тек 52-сі ғана олимпиадалық спорт түріне жатады. Сондықтан олимпиадалық спорт түрлерінің резервін толықтыратын қабілетті балалар жетіспейді, сайып келгенде спорттағы жоғары жетістіктердің нәтижесі нашарлайды. Қаржының дұрыс бөлінбеуінен бюджет ақшасының басым бөлігі «желге ұшады», – деді Президент.

Бұл ретте Мемлекет басшысы спорт саласына жоғары білікті мамандарды тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасау керек екенін атап өтті.

Президент шетелдік спортшыларға азаматтық беріп, ел атынан додаға қосу тәжірибесін доғару керек екенін айтты: «Өйткені кез келген легионер ұлттық құрамаға шақырту алғысы келетін жас әрі болашағынан көп үміт күттіретін атлеттеріміздің жолын

кеседі. Одан гөрі қазір бізде дамуы кенжелеп тұрған спорт түрлерінен мықты шетелдік бапкерлерді тарту мүмкіндігін қарастырған жөн. Легионер-спортшылардың жетістігі бүгін мерейінді өсіргенмен, ертең абыройыңды асқақтатпайды».

Мемлекет басшысының айтуынша, соңғы бес жылда жоғары жетістіктер спортына шығын екі есе өскен, бірақ соған лайық нәтиже жоқ.

«Салалық министрлік, Ұлттық олимпиада комитеті, өңірлердегі спорт басқармалары мен федерациялардың жұмысында олқылық көп әрі өзара үйлесімді жұмыс жоқ. Спорт функционерлері саланы дамытумен емес, миллиардтаған бюджет қаржысын игерумен әлек. Олар түпкі нәтижеге бас ауыртпайды. Спорт саласында жемқорлық фактілері жиі кездеседі. Бұл тек отандық спорттың дамуына ғана емес, елдің абырой-беделіне нұқсан келтіреді. Мұндайға жол беруге болмайды!» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, біз үшін бұқаралық спортқа жүйелі қолдау көрсету, жан-жақты дамыған, салауатты ұлт қалыптастыру маңызды екенін еске салды: «Кез келген нәрсеге бола салымыз суға кетіп, күңіре бергеннен, күйзеліске түскеннен пайда жоқ. Мақсатымыз – озық ел болу. Бір ел, бір халық болып, тек алға қарай жүруіміз керек. Олимпиаданың ең басты құндылығы – медаль ғана емес. Жаһандық бәсеке кезінде тұтас еліміз өзара тілектес, ниеттес болды. Ең басты құндылық – осы!».

**ОСЫ АПТАДА  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
ОЛЖАС БЕКТЕНОВТИҢ  
ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН  
ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА  
ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН  
ЕЛІМІЗДЕГІ АТОМ  
ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ.**

**Ж**иында энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев «Республикалық референдум өткізу туралы» Президент Жарлығының жобасы туралы» Үкімет қаулысының

атап өтті. Егер мәселені осы бастан шешпесе, онда экономиканың әрі қарай өсуіне қажетті электр энергиясын үлкен көлемде сатып алуға тура келеді.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметінше, бүгінде әлемнің 31 елінде 415 ядролық энергоблок жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 15 мемлекетте, соның ішінде Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания мен Түркияда жаңадан 61 атом станциясының құрылысы жүруде.

Өйткені жаһандық күн тәртібінде көміртегі бейтараптығы мәселесі

Заманауи АЭС көп деңгейлі қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Біздің елімізде АЭС салу туралы шешім қабылданса, оны жобалау, салу және пайдалану кезінде МАГАТЭ-нің халықаралық қауіпсіздік стандарттары қатаң басшылыққа алынатын болады. Сонымен қатар шикізат базасы өзімізде, яғни уран бағасының ауытқуы бізге әсерін тигізбейді. Бұл электр энергиясына тұрақты әрі болжамды тарифтерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Біздің еліміз сияқты ең көп энергия пайдаланатын экономиканы дамытуға дәл осы атом энергетикасы негіз болып,

# АЭС САЛУ БОЙЫНША РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ: ТИІСТІ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

жобасын қарауға енгізуге ұсыныс жасады: «Референдум өткізу атом энергетикасын дамыту және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде салмақты шешім қабылдауға көмектеседі. Бүгін біз тарихи оқиға қарсаңында тұрмыз. Біз, қазақстандықтар, елімізде тұрақты, экологиялық таза және үнемді электр қуатының болуы үшін маңызды шешім қабылдауымыз керек. Бұл біздің болашағымызды айқындайтын шешім».

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Қазақстанда атом энергетикасын дамыту мәселесі көптен бері көтеріліп келе жатқанын және бұл саланың келешегі зор екенін атап өтті. Бүгінде елімізде ядролық отын өндірісі толық дерлік игерілген, шағын реакторларды пайдалану тәжірибесі жинақталды. Бұл бағытта мамандар мен ғалымдарымыз да бар. Маман даярлауға да көңіл бөлініп келеді. Сондықтан атом энергетикасын дамытудың келесі кезеңіне көшу дұрыс қадам болып отыр. Бұл, әсіресе, еліміздің энергетикалық инфрақұрылымына жүктеме артуының маңызы айрықша.

Премьер-Министр бүгінде Қазақстан энергетикалық қуат тапшылығын тартып отырғанын



тұр. Осы тұрғыдан алғанда да аталған мәселенің маңызы арта беретін болады.

Жаңартылатын қуат көздері тұрақты энергиямен қамтамасыз ете алмайды. Елдегі су электр стансаларының әлеуеті шектеулі, өйткені энергия өндіру үшін талапқа сай келетін өзендер жоқ. Бүгінде елімізде ЖЭО-ның кейбірін газға ауыстырып, жаңа бу-газ қондырғылары салынып жатыр. Экономиканың дамуы мен халық санының өсуін ескерсек, келешекте ол да электр энергиясының тапшылығын жабуға жеткіліксіз болады. Атом энергетикасын дамыту – біз үшін болашағы өте зор бағыт», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

халықтың тұрмыс деңгейін одан әрі арттыруға мүмкіндік беруге тиіс. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, атом энергетикасы экономиканың көптеген салаларында инновацияларды қолдануға ынталандырады. Әрі отандық өнеркәсіптің дамуына да үлкен серпін береді. Сондықтан біз өзімізде баламасы жоқ тұрақты және сенімді энергия көзінен тыс қала алмаймыз», — деді Премьер-Министр.

Жиын соңында Үкімет қаулысының жобасы дауысқа салынып, бірауыздан қолдау тапты.

**JQ-Aqparat**  
(АЭС туралы мақаланы  
4-5 беттен оқи аласыз)

# АЭС, УРАН, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

**«АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ АЙҚАЙ-ШУСЫЗ БАСТАЛМАЙДЫ». ТҮРІК ӘРІПТЕСІМНІҢ ПІКІРІ ОСЫ ТӨҢІРЕКТЕ. БҰДАН БІРАЗ ЖЫЛ БҰРЫН АНКАРАДАҒЫ БИЛІК АТОМ СТАНСАСЫН САЛУДЫ ҰЙҒАРДЫ. МЕРДІГЕР ДЕП БАТЫС КОМПАНИЯЛАРЫН ЕМЕС, РОСАТОМДЫ (РЕСЕЙ) ТАҢДАДЫ. СОЛ-АҚ, ЕКЕН НАРАЗЫ ҰЙЫМДАР МЕН ТОПТАРДЫҢ ЖОЙҚЫН ҚАРСЫЛЫҒЫ АНАДОЛЫНЫ АСТАҢ-КЕСТЕҢ ЕТЕ ЖАЗДАДЫ. ТҮРІК ҮКІМЕТІ ТЕЖЕЛІП, АЙЫЛЫН ТАРТҚАНДАЙ БОЛДЫ. БІРАҚ ҚОС ӨКПЕДЕН ҚЫСҚАН ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ АҚЫРЫ МЕРСИН УӘЛАЯТЫНДА ЖОБАНЫ БАСТАУҒА АЛЫП КЕЛДІ. СОЛ АҚҚҰЙУ АЭС-І САЛЫНЫП ЖАТЫР. ЖАҚЫНДА МӘСКЕУГЕ САЛЫНҒАН САНКЦИЯДАН «САЛҚЫН СЫБАҒАСЫН» АЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН...**

**А**том электр стансасын салу бойынша қоғамдық талқылау аяқталды. Референдум алдындағы бұқараның көзқарасын аңғаруға арналған «тамыр басып көру» науқанына бір сөзбен баға берсек, сауатты һәм нәтижелі. Ұлттық ядролық орталық пен атом энергиясы агенттігінің мамандары АЭС-тің тиімділігін, қажет екенін, қауіпсіз екенін беталды бөспе сөзбен (популизм) емес, пайымды пікір, дәйекті дәлелмен түсіндіріп берді. Содан болар, тұрғындардың ойы да осы арнада тоғысып жатты. Рас, әдеттегідей, бір жақ болған қырық кісіге қарсы шығатын жалғыз қыңыр да жоқ емес. Бірақ әңгіме ядролық физика секілді көрінгеннің тісі өте бермейтін күрделі тақырып төңірегінде өрбігендіктен, әлгілердің уәжі құр байбаламнан, жалаң ұран, жалған патриотизмнен ары асқан жоқ.

Кеңірдегін жыртып, өз елінің емес, өзгенің мүддесін күйттеп, сойылын соғатындарға ілгеріде аз-кем тоқталармыз. Әуелі энергетикадағы ең үнемді шикізаттан сөз етейік. 1 келі ураннан алынған ядролық отын 100 тонна көмірді, 60 тонна мұнайды алмастырады екен. «АҚШ пен Қытай бастаған бақуатты елдерде атом

стансасы неге көп?» деген сауалға жауап осы.

Уран бізде жеткілікті. Биылғы алты айда елімізде 11 мың тоннаға жуық уран өндірілді. Минералдық шикізаттың 8 мыңдай тоннасы шетке сатуға жөнелтілді. Созақ өңіріндегі Ыңқай (Инкай) кенішінде жүргізілген барлау-ізвестіру нәтижесінде кеніштің қоры 83 мың тоннаға өсті. Таяуда «Қазатомөнеркәсібі» Ұлттық атом компаниясының Басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы салада атқарылған жұмыс пен болашаққа арналған жоспар жайында баяндады.

Президент аталған компания басшысын биылғы ақпан айында қабылдаған болатын. Осыдан-ақ, мемлекеттің бүгінде стратегиялық секторға айналған өнеркәсібіне айрықша мән беретінін көрсетеді. Стратегиялық деуіміздің бірнеше себебі бар. Ең бастысы, шикізаттың бұл түріне сұраныс ешуақытта кеміген емес. Содан болар, оның бағасы да үнемі өсіп келеді. Соңғы төрт жылда оның әр фунты (0,454 кило) 24 еуродан 100-ге жетті. Рас, соңғы кезде біраз арзандап, 85 еуроға табан тіреп тұр. Былтыр 21 мың тонна өндіріліп, оның 13 мың

тоннасы экспортқа жіберілгенін ескерсек, осының өзі, әрине, аз емес.

Екіншіден, атом электр стансасында (АЭС) пайдаланатын ядролық отын шикізаттың осы түрінен алынады. Бұдан үш жыл бұрын Үлбі металлургия зауытында қытай компаниясымен бірлесіп, жылу бөлетін құрамаларды өндіру басталды. Мамандарға жүгінсек, аталған құрамалар – инженерлік құрылым. Оған жылу бөлетін элемент (ТВЭЛ) – уран таблеткаларымен толтырылған түтіктер орналастырылады. ТВЭЛге арналған уран таблеткасы да осы Үлбідегі кәсіпорында жасалады. Осылайша, уран секторын әртараптандыру (диверсификация) Қазақстанның уран шикізатын өндіретін елден ядролық отын шығаратын

әлемдегі санаулы мемлекеттердің қатарына қосылуына мүмкіндік берді.

Климаттың өзгеруі электр қуатына сұраныстың күрт өсуіне әкеп соқты. Оның үстіне жаңғыртпалы энергия арқылы экологиялық тұрғыдан таза қуат көзіне қол жеткізу

күткен нәтижені бере қойған жоқ. Аспан бұлттан арылмай, күннің көзі көрінбеді. Кей жерде жел соқпай қалды. Өзеннің суы тартылып, электр стансасының жұмысы тоқтады. Яғни, энергияның бұл түрі қосымша қуат көзі ретінде ғана тиімді екенін көрініп қалды. Міне, осыдан кейін, әсіресе, кәрі құрлықтағылар (Еуропа) қазір «керексіз» деп жауып тастаған АЭС-ін, тіпті, амалсыз көмір шахтасын қайта ашып жатыр. Көмірі жоқтар ядролық реактор салуға құштар.

АЭС-ке қарсы айқайға қиқу қосқан бір әріптесіміз «Елімізде электр энергиясында профицит бар» деп соғып жіберіпті. Ал статистикаға сөз берсек, электр қуаты тапшылығы қазірдің өзінде сезілуде. Былтыр елдің батыстағы екі бірдей өңірі жарықсыз қалды.

Сол себепті терістік көршіден сатып алуға тура келеді. Ресейлік «Интер РАО» компаниясының биылғы 6 айда Қазақстанға 1,6 млрд кВт/сағат электр энергиясын жөнелткен. Мұнайгаз сарапшысы Олжас Байділдиновтың айтуынша, былтыр желтоқсанда солтүстіктен импортталған электр энергиясының көлемі 9 пайызға жеткен. Оның үстіне алыстан арбалағанның арзанға түспейтіні де әлмисақтан аян. Сондықтан санкция соғысы өршіген қазіргі заманда энергетикалық тәуелсіздік те азық-түлік қауіпсіздігі секілді тағдыршеш мәселе.

АЭС салғысы келетіндердің екі мәселеде қолы қысқа: уран шикізаты мен ядролық отын. Қазақстанда мұның екеуі де жеткілікті екенін әлгінде айттық.



Әлемдік нарықтағы уранның 40 пайыздан астамы Қазақ даласында өндіріледі. Бүгінде айтыла бермейтін тағы бір маңызды фактор – бізде бейбіт атом пайдаланудың сәтті тәжірибесі де бар. Ұлттық ядролық орталықтағы ғылыми-тәжірибелік реактор 50 жылдан бері қызмет етіп келеді. Ал Жылдам нейтрондармен (БН-350) жұмыс істеген Ақтаудағы атом реакторы (МАЭК) 30 жылдай сол өңірді жарық, жылу және тұшытылған сумен қамтамасыз етті. 90-шы жылдардың соңында қайта белең алған геосаяси текетірестің кесірінен жабылып қалмағанда өлкеде қазір электр энергиясы өткір мәселеге айналмас еді.

«Көгілдір отын» – газға көшкен комбинаттың бұрынғы қауқары жоқ. «Атом емес, газды пайдаланайық» деп жатқандар да

бар. Бұлар – елдегі газ өндірісінен мүлде хабары жоқ «сарапшылар. Бұл екеуі қазақты «атом тажалымен» қорқытқысы келетін лоббистер мен экологсымақтарға нақты жауап болса керек. Маман да табылады. Аққұйуды салып жатқандардың 1600-ы – Қазақстаннан барғандар.

Атом энергиясын пайдалану бізге тиімді. Референдум алдында өтіп жатқан қоғамдық тыңдаудағы тұрғындардың пікірі де осыған кеп



саяды. Содан шығар, шетелден қаржы алатын ұйымдар мен Олимпиададан соң атойлап атомға ойысқан «бесаспап» блогерлердің әуені өзгере бастады. Олар бұрынғыдай үзілді-кесілді қарсы емес. Станса салушыны анықтайтын бәйгеде тек өздерін жарылқаушылардың аты озғанын қалайды. Тек соны ғана мақтап, ықтимал қарсыласты даттап, қоғамдық пікірді сол жаққа қарай бұру үшін жанталасып жатқан жайы бар.

Алпауыт күштер арасындағы саяси және экономикалық талас-тартысқа айналған АЭС жобасы мұндай бақай есепті емес, жан-жақты талдаудан өткен дұрыс таңдауды, талай сыннан өткен өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмайтын прагматикалық ұстанымды талап етеді. Ең бастысы, қожайынның қаржысымен қайсыбір халықаралық ұйымдардың қас-қабағы емес, бірінші кезекте Ұлттың, Мемлекеттің мүддесі ескерілуі тиіс. Сонда ғана ен байлықтың игілігін көріп, ешкімге есемізді жібермейміз.



Срайыл  
СМАЙЫЛ,  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ШОЛУШЫ



**ИӘ, АЛДАП-СУЛАП ӘКЕЛІП, СЫРҒА БАСЫҒДЫ СОҒЫП  
КЕТЕТІН ШИМҰРЫНДАЙ, УАҚЫТ ҚҰРМАҒЫР ДА БІЗДІҢ  
ТАЛАЙ БАЛШЫРЫН СӘТТЕРІМІЗДІ ҰРЛАП БАҒЫПТЫ-АУ!**

# Білімге шамның жарығымен жыр жазған...

*(Көрнекті ақын һәм ғалым Бауыржан  
Жақып өнернамасы туралы толғанғыс)*

Қалай дегенмен де, Бауыржан жастайынан ән-жырдың дулы ортасында өскен құйма құлақ бұла дарын, есейе келе көпшілікке мәшһүр шайыр, көшелі азамат деңгейіне көтерілді. Ол мұндай құрметті біреуден қолқалай қалап та, сұрап та, алған жоқ. Осы елге, өскен жерге сіңірген ұшан-теңіз еңбек, сол еңбегі арқылы жылдар бойы жинаған берекелі ісі мен беделіне орай өзі іздеп келген абырой екенін біліп отырмын. Яғни, айналасына тигізген пайдасы мен көрсеткен үлгісінің жемісі екені анық.

Бұл өзі шын мәнісінде жер басып жүрген жұмыр басты пенденің бәріне бұйыра берер бақ емес еді. Жақсылығы мен жамандығы, әділеті мен әбілеті алма-кезек ауысып, әйтеуір жеңісе алмай, кейбір тұста ит жығыс түсіп те жататын осынау жалған дүниеде сүтпен бірге сүйекке біткен кісілік келбетінен айнымай, азаматтық тұғырынан таймай, әрдайым таразы басын тең

ұстап, теңселмей өту, жүзін сыртқа, арқасын ыққа бермей, адал ғұмыр кешу де екінің бірінің қолынан келе бермес қасиет.

Сондықтан да болар, Бауыржан абыройдан айыратын көрбақ апан, марту аран, шәйтан сай, пері соқпақ, ұры жыра-жықпылдардан аулақ жүреді.

Тургенев 1845 жылы Парижде Пушкин туралы француз тілінде жазған мақаласында: «Оның бізден артықшылығы – өзіне деген сүйіспеншілігінің жоғында еді», – деген. «Өзін сүйіп, өзіне тамсанатын ақын-жазушы – әдебиеттің соры», – дейтін Тәкен Әлімқұлов. Осы тақылеттес, біздің Бауыржан да өзін көпірте мақтауды суқаны сүймейтін еді.

Иә, біздер ағалы-інілі, іркес-тіркес ғұмыр кештік, алған білімдеріміз де ыңғайлас, тәлім берген ұшқан ұямыз да бір, мұрат тұтқан арман-үміт ортақ болып еді. Қадірлеп, қастерлеген идеяларымыз да бірыңғай. Осылай ержетіп, қатарлас

«Ә кудей шіркін, өтер бір күн, миллион сомдық ойын-күлкің», – деп Иса Байзақұлы жырлағандай, қылшылдаған құбарлан кездер білдірмей қыр асып кетіпті-ау!

Қарап отырсам, өткен ғасырдың 60-шы жылдары туған қазақтың қара домалақ балаларына бүгінде халқымыз алғыс айтқандай екен. Өйткені бұлар бұғанасы қатып үлгермеген бозөкпе ұлан бола тұра, ауыл арасының «көппен көрген ұлы той» дейтін үйреншікті сүрлеуіне түспей, заманның сыңайына қарап, өз бағын өзі сынап бағатын нар тәуекелдің жалына жармасыпты.

мезгілде әдебиетке, ел-жұртқа адал қызмет ете бастадық.

Ол бір ар-ожданның әлі де лайлана қоймаған тұнық кезі еді. Тасқа жазып қойғандай айнуға болмайтын адами кодекс бар, содан бұрылмауға, бұра тартпауға тырыстық. Ағайын-жұртқа адалдық, жолдас-жораның көңіліне қарау, отансүйгіштік, парыз, қарыз дегендерді жалау ете көтеріп, ешкімнің ала жібін аттамауды мұрат тұтып өскен буыннанбыз.

Мен алғаш рет Бауыржанды 1983 жылдың күзінде Алматыда өткен жас ақын-жазушылардың «Жігер» фестивалінде көрдім. Тебіндеп жаңа шыға бастаған қара мұрты қарлығаш балапанының қара қылтанақ ата бастаған қауырсын қанатындай жылт-жылт етеді. Қағылез, сыптығырдай науша жігіт көпшіліктің алдында өзінің «Ұршық» деген өлеңін оқыды.

*Бір сәтке, әже, тыншып па ең –  
Шүйкеге мол жіп жиылып.  
Отырушы едің ұршықпен  
Уақытты қоса иіріп.  
...Өзімді сонда жұбатып,  
Өмірге іштей күйінгем.  
Ұршық қой мына Уақыт  
Жіп қылып бәрін иірген...*

Жұрт сатырлата қол соқты. Бүгінде маған сол «Ұршық» өлеңі Бауыржанның ақындық төлқұжаты сияқты көрінеді. Батыс өлкесінің балалары жақсы біледі, алғаш атылған мұнай фонтанының ғаламат селі тіпті енапат қой! Болат ұңғыларды дірдектетіп, көкке атылған мұнайдың қысымы соншалық, жүздеген метр биікке дейін самғап, ық жақтағы, үш шақырым жердегі қырат, қырқаларды майлы нөсердің астында қалдыратын.

Міне, осы алғаш атылған фонтандарды мен талантты ақындардың тұңғыш жырларына шендестіргенді қалап тұрамын. Сондықтан да болар, күннен емес, электр жарығынан нәр алып, қаланың жасанды жылыжайларында өскен жемістей кенеуі аз, ана тілінің мәйегіне қанбаған, қан-сөлсіз

әлжуаз шаһарда туған ақындардан гөрі, мен кіндігі далада қалған шайырларға көбірек ден қоямын.

Затында, дарынды жандардың жүйрік фантазиясы өз назарына түскен құбылыстарды зорайта да, кішірейте де алады. Сол сияқты олар әлгіндей құбылыстарды жарқырата да, күңгірттей де біледі.

«Елін апат жайласа, эпицентрі ақынның жүрегінде болады» дегендей, Бауыржан да Абыралыдағы атом нәубетіне нәлет айтып, жанын қоярға жер таппайды.



Енді ақынның «Тамыздың жиырма тоғызы...» деген өлеңін оқып қарайық:

*Тамыздың жиырма тоғызы...  
Күн емес Алып шар шықты,  
Аспан көзінен қан шықты,  
Дегелең деген өр таудың  
Кеудесінен сол күн жан шықты.  
Сұрапыл дауыл соқтырды,  
Жарылуға далам шақ тұрды.  
Жер менен Көкте тұтасқан  
Бұрын болмаған от тұрды.  
Майлықара, Үшқара,  
Берікқара сұстана.  
Тақыр боп қалды төбелер,  
Сыпырғандай алып ұстара.  
Тамыздың жиырма тоғызы...  
Көзімді менің байлады,  
Денеме дерт боп бойлады.  
Жер-Ананың ақ шашын,  
Ақ шашын жұлып ойнады.  
Құстардың тоқтап сайрауы,  
Бойымда қаным қайнады.  
Өртенді атақонысым  
Қырдағы мен ойдағы...*

Иә, бұл ақынның тірі жүрсе жүрегінің түбінде, о дүниеде сүйегімен бірге кететін қасіреті еді.

Бауыржан оқырманның көз алдына небір көрініс, хикметтік сипаттарды тізбелей әкеледі де, оған көркемдік және сәулелі ойларды орап, адамды қайғыртып, мұңайтып, зығырданын қайнатып, ішкі сезім тұнығының бетін жыбыршытып, толқыта біледі.

Ақынның осы бір атом қасіреті туралы өлеңі біздің де бүйірімізді


бақадай мұздатып, бейдауа күйге түсіреді.

Осы орайда, тағы да қыршынынан қиылған Айжан қызға арнаған өлеңіне назар аударайық:

*Ойласам, ет-бауырым езіледі,  
Елесің қайда барсам, кезігеді.  
Сен кеттің бір Алланың жазуымен,  
Жоқтығың бұл дүниеде сезіледі.  
Артыңда қала қалды, ауыл қалды,  
Өзенің, далаң қалды, тауың қалды.  
Полигон ойсыратты омыртқанды,  
Полигон қаңыратты  
қабырғанды...*

Міне, айналасына қадірсіз, ешкімге де пайдасы жоқ өлімтік пенделердің өмірі таусылмайды да, ал асыл жандардың ғұмыры парлай атылып, ақжайнақ боп жанатын отшашулардай тез сөнетінін осы өлеңнен анық байқаймыз.

Негізінен, Бауыржан жырларында адам – рухтың белгілі бір арнасы, зерденің ең жоғарғы



# Білте шамның жарығымен жыр жазған...

субстанциясының қоймасы, нақты денелерді, – яғни, тірі жаратылыс пен астралды заттарды құпия түрде байланыстыратын ғаламның айрықша символы ретінде көрінеді.

Қалай дегенмен де, бір биікке шыққаннан кейін мәрені екінші биікке көтеріп қою өмірдің бұлжымас заңы. Міне, өсу, кемелдену деп осылай сатылап тырбануды айтады.

Мысалы, алпыс жастың балалық дәурен шағына, оқушылық кезеңіне, студенттік дәуіріне деп бір жиырма жылын қысқартып тастасақ, Бауыржан еншісіне қырық жылдай уақыт қалады. Ол өзіне тиісті болған осы қырық жылында адамды азамат деңгейіне көтеретін нәрсе мігірсізшығармашылық пен жанкешті еңбек екенін дәлелдеді. Еңбек болғанда да қара бастың қамы, тойымсыз құрсақ ындыны емес, рухани шаруаға құлаш ұрды.

Ақын халық әдебиетінің нуынан алған сөздеріне жаңа мән, тосын ажар беріп, құлпырта түседі. Көрген-білгенін көз шоласынан, ой сарасынан әбден өткізіп барып қалам тербейді.

Ай туады, Күн қашады,  
Алдымызда түн тосады.  
Жанушы еді сонда біздің  
Қараша үйдің білте шамы.  
Терезеден ұрланып Ай,  
Күлімсіреп тұрған ұдай.  
Білте шаммен біз оқыған  
Ғашықтардың сырларын-ай,  
Батырлардың жырларын-ай!  
Өрт боп жанып жалынынан,  
Соның бәрін қанып, ұғам.  
Қымбат нәрсе жоқ-ау, сірә,  
Білте шамның жарығынан



Ол әдісін артына сақтайтын палуандардай, оқырманын әрі-сәрі күйге түсіре келіп, өлеңнің құяра жерін, яғни шүңейтін салмақты уәжбен түйіндейді.

...Әйтеуір қара тонда құдірет бар,  
Жауса да тоңдырмайды  
мың рет қар.  
Ішінде сақталған бір асыл бейне,  
Көзімнен мәңгі өшпейті сурет бар.  
Өмірдің өзгерсе де марафоны,  
Адамдар барады ағып қала толы.  
Әкемнің ізін жалғап мен келемін,  
Үстімде қара шалдың қара тоны.  
(«Қара тон»)

Әлдеқашан дүние салған  
ардақтысының киімін қасиетті

тәбәріктей сақтап, иіскеп мауқын басу, онымен тірі адамша сөйлесу – тек қазақтарға ғана тән шығар.

Айдың нұрына түн шомылғанда,  
Тыныштық келіп тұнса қырларға.  
Тылсым әлемнің құшағына еніп,  
Билейді сәуле құм-шағылдарда.  
Өзеннің ғажап күйі болады,  
Жағаға толқын тиіп ағады.  
Бетінен судың шөп-шөп еткізіп  
Нәзік бір сәуле сүйіп алады.

Міне, бұл енді сурет! Сөзбен сурет салу деген осы! Өрілген ішектей өрнектелген теңеу!

Иә, жақсы өлеңдер жазудың камертоны дәрежесіне көтерілу оңай шаруа емес. Қажетсіз



қауызынан арылып, селкеу қағылған арқауы ширап, көптің көкейіне қонақтаған жыр ғана ел жадында ұзақ сақталатынын Бауыржан жақсы біледі.

Біздің буын құйын-перен ақындар Төлегеннің, Жұмекен, Сағи, Қадыр, Мұқағали, Тоқаш, Өтежан, Жұматай жырларын жатқа оқитыны сондықтан да болар.

Мұхитта тереңдеген сайын алапат қысым күшейе беретіні секілді, есейген сайын аманат, парыз да көбейіп, еңсеңді езе түседі. Сондай ойдан туған сүбелі еңбектің бірі – ақынның «Білте шамның жарығы» атты кітабы дер едік. Бұл жинақ дарынды шайырдың ұзақ ізденістен туған мәйекті шығармасы екені анық.



Иә, біреудің көлеңкесінде жүргеннің оңғаны бар ма? Сондықтан омбыласаң да өз жолыңды салмай, бақ жұлдызың жанбайды екен! Бүгінде жер-жиһанда жеті миллиард жарым адам бар, соның бірде-біреуінің саусақ белгілері екіншісіне дәл келмейді. Міне, ғажап! Ендеше, өмірде де, өнерде де даралыққа не жетсін! Дәл осы қағидатты Бауыржан жете түсінген шайыр.

Ол бүгінде жер танабын қуыра шауып, ақ көбік, ақ сел боп терлеп келіп, таң асқан арғымақтай қунақ қалпында алпыс жасқа толып отыр.

Бір қарағанда, дүниеде жыл құстарындай ақылды мақұлық жоқ сияқты, олар аспандағы ақ бауыр



Бауыржан кешегі жыр жазирасының жампоздарын көріп қалған, солардың ақыл-кеңесін тыңдаған доңғайыр шайыр. Сондықтан оның өлеңдерінде таңғы кәусар себезіндей саф тазалық, қарынның құрышында қалған сәуірдің сары майындай дәмділік бар.

Қашан да жазып отырған кейіпкеріңе лайықты сөз табу – қиынның қиыны ғой. Оған арналған лебізің дәл пішілген киімдей құнтиып, жараса қалса қандай ғанибет! Асыра сілтеуге де болмайды, өйткені бақсылар салған қатты демді кез келгеннің көтере алмайтыны және бар.

Бір қызығы, адамдар, әсіресе өнер адамдары өз қатарластарын оңайлықпен мойындай қоймайды ғой. Бауыржан жөнінде ондай «әрі

тарт та, бері тарт» болған жоқ, бәрі де оның шығармашылығын жылы қабылдады. Сондай-ақ, алдындағы алыптарға еліктеген, солықтаған да жоқ.

Осы жайтқа байланысты кезінде Мұхтар Әуезов былай деген еді: «Пәлі, бәрін біреуге теңейміз, ұқсатамыз кеп. Абай неге Гете болуы тиіс? Құрманғазы неге Моцарт болады? Бетховен сонаталарына Саймақтың «Сары өзенін» өлсем де берем бе мен? Абай мен Гете, Құрманғазы мен Моцарт, Бетховен, Сейтек, Мұхит, Тәттімбет, Дина... пәлі, бұлардың әрқайсысы бір-бір тұлға. Бір-бір жаратылыс. Өз-өзінше бір-бір керемет! Олар бір-бірінің көлеңкесінде қала алмайды».

Міне, кемеңгер Мұхаң осылай толғайды!

сансыз жұлдыздар шоғырының сілемін бойлап, Құс жолын сағалап, жылы жаққа бет түзейді, бағытынан адаспайды. Өйткені, осы жұлгеде әдемі ауа ағысы болатынын олар жақсы біледі, құстар әлгі ағыспен жеңіл қалқып, көздеген мекеніне жетеді.

Сол тақылеттес, Бауыржан ақын да Құс жолындай өзінің имандылық, кісілік, шайырлық даңғылына түсіп, дариға-дәурен биігіне тартып барады...

Ендеше, биылғы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық додасында «Білте шамның жарығы» жыр жинағының бағы жанатынына бек сенеміз.

**Жұмабай ҚҰЛИЕВ,**  
ақын, Халықаралық «Алаш»  
әдеби сыйлығының лауреаты

**ЕЛІМІЗДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН «ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІ САҚТАУ, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА «ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР. ТҮРКІСТАН ӨЗ АЛДЫНА ОБЛЫС БОЛЫП БӨЛІНГЕЛІ БЕРІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ? ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ҚАУІПСІЗ МЕКЕН ДЕП ТОЛЫҒЫМЕН АЙТА АЛАМЫЗ БА? JASQAZAQ.KZ САУАЛДАРЫНА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ПОЛИЦИЯ ПОЛКОВНИГИ ҚҰРМАНБЕК САХОВ ЖАУАП БЕРДІ.**

**ҚҰРМАНБЕК САХОВ:**

# БАСТЫ МІНДЕТ – ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

– Құрманбек мырза, сіз Түркістан облысы болып құрылғалы бері полиция департаментінде қызмет етіп келесіз. Сіздіңше, Түркістан облысын қауіпсіз қала деп айта аламыз ба?

– Қазіргі таңда Түркістан қаласы мен облысын толығымен қауіпсіз қала деп айта аламын. Соңғы алты жыл ішінде оған барлық іс-шаралар жасалды. Ішкі істер министрлігінің нұсқауымен бүгінде Түркістан қаласында сервистік модель жұмыс істейді. Сервистік модель аясында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде қалада, әсіресе, адам көп шоғырланған аймақтарға бес стационарлық пост қойылды. Былтырғы жылдың өзінде республикалық бюджеттен және жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, біздің полиция департаментімізге 280-нен астам су жаңа көлік жеткізілді. Бұл бізге бөлінген үлкен көмек дер едім. Әрі бұл бізге артылған міндет пен сенім. Осының арқасында біз жұмысымызды екі-үш есеге артық атқарамыз деген үміттемін. Өздеріңіз білесіздер, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында полицияның сервистік моделін құру керек деген болатын. Полиция қызметіне түбегейлі реформа

жасау керектігін де баса айтқан еді. Соның аясында біздің учаскелік полицейлер мен патрульдік полиция қызметкерлеріне үлен қолдау көрсетілді. Полиция қызметкерлерінің көлікпен қамтылу жағы 80 пайызға көтерілді. 2018 жылы Президент Жарлығына сәйкес, Түркістан облысы болып бөлініп шықтық. Ол кезде мен Ордабасы полиция бөлімінің бастығы болатынмын. Сол жылы күзде Түркістанға көшіп келдік. Әлі есімде, 22 қазан күні болатын. Басында қызметкерлерге өте қиын болды. Бұйрыққа сәйкес жанұяларын тастап, жұмыс бабымен барлығы осында келді. Бастапқыда қызметкерлер үш-төртеуден бірігіп пәтер жалдап тұрды. Өзім үш аптадай қонақ үйді паналадым. Биыл, міне, алты жыл болады. Әсем қаламыз көз алдымызда көркейіп, жаңа ғимараттар бой көтерді. Осыдан бес-алты жыл бұрын көшедегі ұсақ-түйек қылмыстар

көп болатын. Әсіресе, бірін-бірі ұрып кету сынды оқиғалар. Облыс орталығы деген статус алғалы бері ондай қылмыстарды азайттық. Қазір мүлдем жоқ десе де болады. Біздің департамент құқық бұзушылықтың алдын алуда жүйелі жұмысқа көшті.

– Облыста «Қауіпсіз қоғам», «Заң және тәртіп» консолидациялық жобасы қалай жүзеге асырылып жатыр? Қылмыстың алдын алып, құқық бұзушылықтың жолын кесуде қандай жұмыс атқарып жатырсыздар?

– Ең алдымен, полиция қызметкерлері облыста қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықтың жолын кесіп, ұсақ бұзақылықты болдырмау үшін барын салуда. Қазір полиция қызметкерлері жүйелі



жұмыс істейді. Одан бөлек, өздеріңіз білесіздер, қазір профилактикалық іс-шаралар жиі өтеді. Жиі өтуінің себебі – біз қылмыс болсын, қандай да бір құқық бұзушылық болсын, оның алдын алу үшін жұмыс істейміз. Біз облысымызда барлық жастағы адамдарға қылмыстың зардабын қасіретін түсіндіріп, алдын алу жұмыстарынан жоғары нәтиже күтеміз. Былайша айтқанда, үгіт-насихат, кеңес беру, пікір алмасу жұмыстарын жүргіземіз. Облыс аумағында 14 аудан мен үш қала бар. Аудандық полиция бөлімдері өздерінің жоспарына сай әрекет

етеді. Түркістан облысы Ордабасы ауданының 2 ауылында талапқа сай учаскелік полиция бекеттері ашылды. Жаңа полиция пунктін бірі – Бөген ауылдық округінде, ал екіншісі Шұбар ауылдық округінде облыстық маңызы бар жолдың бойында орналасқан. Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің тапсырмасымен учаскелік полиция инспекторларының азаматтарға сапалы қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалуда. Өйткені бірінші кезекте – полицияның ашықтығы, қолжетімділігі, құқық бұзушылықтар мен азаматтардың арыз-шағымдарына жедел ден қоюы. «Қауіпсіз қоғам», «Заң және тәртіп» консолидациялық жобасы аясында аудандық полиция бөлімдерінде атаулы акциялар өтуде. Қазіргі таңда жемқорлықпен күрес, нашақорлық пен лудоманияның алдын алу, алаяқтық, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шаралар, жол қауіпсіздігін сақтау, мал ұрлығы, жасөспірімдердің қауіпсіздігіне арналған түнгі рейд пен жаз маусымындағы суға шомылу қауіпсіздігі, сонымен қатар қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Бұл іс-шаралардың барлығы біздің Түркістан облысында үздіксіз өтіп жатыр. Ал біздің полиция қызметкерлерінің басты міндеті – қылмыстың алдын алу. Қазір халық пен полиция қызметінің арасында байланыс бар. Тұрғындар полиция жұмысына сенім артып, кейбір жағдайларда көмек қолын ұсынып, қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысатындары бар.

– **Өзіңізге белгілі, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңға өзгеріс енгізілді. Бірақ нәзік жанға қол көтеретін ер азаматтардың саны азаймай тұр. Әсіресе, бұл оқиғалар оңтүстік өңірде алғы шепте деген түсінік бар. Полиция тұрмыстық зарлық-зомбылықтың алдын алуда қандай жұмыстар жүргізіп жатыр?**

– Әрине, бұл біздің оңтүстік менталитетіміздің әсері деп ойлаймын. Тұрмыстық зарлық-зомбылық біздің өңірде көп деп топшылау дұрыс емес. Тек оны былай түсіндіре кетейін. Біз еліміздегі тұрғындары көп шоғырланған, халқының саны

жағынан да алдыңғы қатардағы өңірміз. Аудандық, ауылдық елді мекендер де көп. Статистика жағынан келгенде біздің өңірдің алға шығып кетуі, халық санының көптігінен. Соңғы жарты жылда тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғасының саны азайды. Оның бірден бір себебі – қазір полиция тұрғындармен кездесіп ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жоғарыда айтып өткенімдей, біз



профилактикалық жұмыстарды қолға алдық. Қазір әр ауданда халықпен кездесу, ақпараттандыру, алдын алу жұмыстары өтуде.

– **Түркістан облысы полиция қызметінің сервистік моделіне көшті, қазіргі таңда жүелі жұмыстар жүргізіліп жатыр дедіңіз. Осы туралы тарқатып айтып берсеңіз.**

– Рас, соңғы жылдары ішкі істер саласында сервистік полиция моделін енгізу жөнінде біраз қадамдар жасалуда. Учаскелік полицейлердің жұмыстарына өзгерістер енгізілді. Олардың суреттері мен телефон нөмерлерін кез келген үйдің кіре берістерінен көретін болдық. Кейбір қалаларда азаматтарды қабылдайтын полиция офистері де пайда болды. Ірі қалалар мен облыс орталықтарында сервистік офистер ашылды. Кезең кезеңімен басқа да қалаларда пайда болуда. Қазіргі бұл орталықтар жұмысын бастап кетті. Онда қызметтің бірнеше түрін алуға болады. Ең бастысы, халық пен полиция тығыз байланыста болады. Кез келген адам құқықтық болсын, жеке мәселесі болсын, кеңес болсын орталық мамандарына жүгініп, мәселесін шеше алады.

– **Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды жауапты міндетін мүлтіксіз атқару – полиция қызметкерінің азаматтық**

**қасиеттеріне және білімі мен біліктілігіне байланысты. Облыстағы тәртіп сақшыларының еңбек және тұрмыстық жағдайы қандай деңгейде?**

– Қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәртіп сақшыларының осы бағыттағы қызметін ойдағыдай атқару үшін құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық

жағынан жарақтандырылуын арттыру, қызметкерлерге қалыпты еңбек және тұрмыстық жағдай жергілікті жерде толық жүзеге асырылуда. Соңғы үш жыл ішінде облыс әкімдігінің қолдауымен облыстың ішкі істер органдарының материалдық-техникалық тұрғыда жабдықталуына, жалпы заманға сай жаңа технологиялармен жарақтандырылуына қаражат бөлінді. Қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды жауапты істе табандылық танытып, кәсіби біліктілікті арттыру әрбір тәртіп сақшысына қойылатын басты талаптың бірі екені анық. Осы орайда өз қызметтік міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып, айналасындағыларға үлгі боларлықтай қызмет етіп жүрген майталман қызметкерлер де бар. Қоғамның тыныштығы, халықтың қауіпсіздігі – біз үшін аса маңызды міндет. Осынау абыройлы да аса жауапты міндет биігінен көріну жолында Түркістан облысы полиция департаментінің қызметкерлері күш-жігерін аянбай ел алдындағы антына адал қызмет ететіндігіне сенімдімін.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан Әлима ӘЛМЕРЕК**  
Суреттер: Түркістан облысы  
ПД баспасөз қызметі

**КАСПИ.KZ НУМО ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ ОПЕРАТОРЫ БОЛЫП ТАБИЛАТЫН «ҰЛТТЫҚ БАНКАРАЛЫҚ ПРОЦЕССИНГ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНДАҒЫ 100% МЕМЛЕКЕТТІК ҮЛЕСТІ САТУ БОЙЫНША САУДАҒА ҚАТЫСУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ. ТИІСТІ ХАТ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ АГЕНТТІГІНІҢ КЕҢЕСШІСІ DELOITTE ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫНА ЖІБЕРІЛДІ.**

Нумо – бұл Өзбекстан мен шетелде операцияларды жүзеге асыруға арналған банк төлем карталары негізіндегі төлем жүйесі. Нумо төлем жүйесі аясында 27 миллион НумоCard шығарылған, 6 400 банкомат және 210 мыңнан астам терминал жұмыс істейді.

**Михаил ЛОМТАДЗЕ,**  
Kaspi.kz-тің басшысы және негізін қалаушылардың бірі:

«Өзбекстан экономикасы қарқынды дамып келеді және біз мемлекеттің нарықтық экономика қағидаттарына ашықтығы мен жақындық принципі жоғары деңгейде екенін көріп отырмыз.

Инвесторлар мен Kaspi.kz сияқты ашық компаниялар үшін тартымдылықты арттыруға бағытталған реформалар сәтті жүзеге асырылуда. Біздің инвесторлар мен акционерлеріміздің қатарында BlackRock, Fidelity, Capital International, Ballie Gifford және басқа да әлемдегі ең беделді америкалық және жаһандық технологиялық компаниялардың инвесторлары бар.

Біз Нумо-ның қазіргі бизнес моделін төлем технологиялары мен қызметтерін дамытудағы мол тәжірибемізбен толықтырып, дамытуды жоспарлап отырмыз. Бұл қолма-қол ақшасыз төлемдердің өсуінің катализаторы болып, экономиканың өсуіне ықпал етеді.



## КАСПИ.KZ ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ НУМО ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУГЕ ҚАТЫСУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ

Өзбекстанда Нумо төлем қызметтерін барлық қатысушылар үшін одан әрі қолжетімді және ыңғайлы ету үшін технологиялар мен қызметкерлерге айтарлықтай инвестиция салуды жоспарлап отырмыз. Бұл инвестициялардың нәтижесінде Нумо қосымша серпін алып, өз технологиялық мүмкіндіктерін кеңейтеді және инновациялар саласында көпшілікке үлгі болады. Бұл өз кезегінде Өзбекстанның инвестициялық тартымдылығының одан әрі артуына әкеліп, ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың драйвері болады».

Kaspi.kz миссиясы – сүйікті клиенттер мен серіктестердің өмірін жақсартатын әлемдік деңгейдегі инновациялық өнімдер мен қызметтерді құру. Компания төлем жүйесінің операторы болып

табылады және Қазақстанда электрондық коммерция, қолма-қол ақшасыз төлемдер мен қаржылық қызметтерді ұсынады.

2024 жылы Kaspi.kz компаниясы NASDAQ АҚШ қор биржасында алғашқы жария орналастыруды (IPO) өткізді, бұл АҚШ-тағы соңғы екі жылдағы ең ірі жария орналастырулардың бірі болды. Қазіргі уақытта компанияның нарықтық капитализациясы шамамен 24 миллиард АҚШ долларын құрайды.

Гарвард бизнес мектебі (Harvard Business School) бірнеше жыл бойы магистратура студенттері оқып келе жатқан екі оқу материалын жазды, бұл өз алдына ерекше факт болып табылады. Халықаралық сарапшылар Kaspi.kz-ті азаматтардың өмірін жақсартатын технологиялардың ерекше мысалы деп санайды.

### Бас редактор

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

### МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)